

Айтмаганбетов Асет Лайкович\* – PhD докторант образовательной программы 8D01511-Информатика, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Пушкина 11; тел. 87076041212, e-mail: a.aitmaganbetov@gmail.com.

Кереев Адилжан Кутымович – PhD, заведующий кафедрой информатики и ИТ, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан, 030000, г. Актобе, пр. А.Молдагулова 34, тел. 87003449457, e-mail: Adiljan@mail.ru.

Sadvakassova Aigul Kadyrkanovna – PhD, Associate Professor, Associate Professor of the Department of Informatics, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 11 Pushkin Str., tel.: 87089388776, e-mail: Sak79@bk.ru

Aitmaganbetov Asset Laiykovich\* – PhD student of the educational program 8D01511-Informatics, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 11 Pushkin Str., tel.: 87076041212, e-mail: a.aitmaganbetov@gmail.com.

Kereyev Adilzhan Kutymovich – PhD, Head of the Department of Informatics and IT, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Republic of Kazakhstan, 030000, Aktobe, 34 A.Moldagulova Ave., tel.: 87003449457, e-mail: Adiljan@mail.ru.

ХФТАР 14.35.07

ӘОЖ 378.147.88

[https://doi.org/10.52269/22266070\\_2024\\_1\\_180](https://doi.org/10.52269/22266070_2024_1_180)

## МЕДИАБІЛІМ ҮДЕРІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТҮФҮР

Сейітказы П.Б. – педагогика фылымдарының докторы, педагогика кафедрасының профессоры, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Үрымбаева Н.А.\* – 8D01103-Педагогика және психология білім беру бағдарламасының докторантты, педагогика кафедрасы, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Шакебаева К.Р. – 8D01823-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламасының докторантты, педагогика кафедрасы, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Абдирекенова А.К. – PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өнірлік университеті, педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а., Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Ұсынылып отырған жұмыста медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытуда инновациялық түфьырдың рөлі мен инновациялық білім берудің маңыздылығы қарастырылған. Зерттеу жұмысы барысында әдебиеттерге салыстыра талдау, зерттеу аймағына қарай жүйелеу және авторлар тарарапынан тұжырымдар жасалды. Мақалада медиабілімнің болашақ мамандардың көсіби және тұлғалық дамындағы рөлі айқындалады. Медиабілім үдерісінде ақпараттық құзыреттілікті дамытудың бүгінгі күнгі қажеттілігі көретін, еститін, оқытын ақпаратты сыни талдауға және қабылдауға қабілетті болу, көсіби қызметтеге қолданудың маңыздылығымен сипатталды. Авторлар оқытуудың заманауи технологиялары мен әдістерін студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытуға ықпал етеп отырып, медиабіліммен қалай тиімді қарым-қатынас жасай алатынын қарастырады. Қазіргі білім берудегі қолданылатын инновациялық технологиялар болашақ мамандардың сыни және шығармашылық ойлауын, топтық және жеке жобалармен жұмыс істеу мүмкіндігін, оқу пәннің женіл және тартымды қабылдануын, мотивацияның артуына бағытталған. Мақалада педагогикалық инновациялардың дамуы мен теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері бойынша принцип, заң, мүмкіндіктер, ерекшеліктер мен анықтамалары жүйеленіп, талданды. Сондай-ақ, мақала мәтінінде кездесетін кілттік сөздер мен сөз тіркестерінің анықтамалары қарастырылды. Медиабілім үдерісінде болашақ мамандардың ақпараттық құзыреттілігін дамытудағы инновациялық түфьырдың рөлі, мүмкіндіктері мен тақырып аясындағы ұсынымдар қатары берілді.

**Түйінди сөздер:** медиабілім, масс-медиа, медиабілім үдерісі, түфьыр, инновация, инновациялық түфьыр, ақпараттық құзыреттілік.

## ИННОВАЦИОННЫЙ ПОДХОД В РАЗВИТИИ ИНФОРМАЦИОННЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ МЕДИАОБРАЗОВАНИЯ

Сейтказы П.Б. – доктор педагогических наук, профессор кафедры педагогики, НАО «Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева», г. Астана, Казахстан.

Үрымбаева Н.А.\* – докторант образовательной программы 8D01103 – Педагогика и психология кафедры педагогики, НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева», г.Астана, Казахстан.

Ушакбаева К.Р. – докторант образовательной программы 8D01823- Социальная педагогика и самопознание, кафедры педагогики, НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева», г. Астана, Казахстан.

Абдиркенова А.К. – и.о. ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Казахстан.

В предлагаемой работе рассматривается роль инновационного подхода и важность инновационного образования в развитии информационной компетентности студентов в процессе медиаобразования. В ходе исследовательской работы был проведен сравнительный анализ данных, систематизация в зависимости от области исследования и выводы со стороны авторов. В статье раскрывается роль медиаобразования в профессиональном и личностном развитии будущих специалистов. Сегодняшняя потребность в развитии информационной компетентности в процессе медиаобразования характеризовалась важностью умения критически анализировать и воспринимать увиденную, услышанную, читаемую информацию, ее использования в профессиональной деятельности. Авторы рассматривают, как современные технологии и методы обучения могут эффективно взаимодействовать с медиаобразованием, способствуя развитию информационной компетентности студентов. Применяемые в современном образовании инновационные технологии направлены на критическое и творческое мышление будущих специалистов, возможность работы над групповыми и индивидуальными проектами, легкого и привлекательного восприятия учебной дисциплины, повышение мотивации. В статье систематизированы и проанализированы принципы, закон, возможности, особенности и определения по исследованиям отечественных и зарубежных ученых, изучавших теоретико-методологические основы и развитие педагогических инноваций. Также были рассмотрены определения ключевых слов и фраз, встречающихся в тексте статьи. В процессе медиаобразования был дан ряд рекомендаций по теме и возможностям, роли инновационного подхода в развитии информационных компетенций будущих специалистов.

**Ключевые слова:** медиаобразование, масс-медиа, процесс медиаобразования, подход, инновация, инновационный подход, информационная компетентность.

### AN INNOVATIVE APPROACH TO DEVELOPING STUDENTS' INFORMATION COMPETENCIES IN MEDIA EDUCATION

Seitkazy P.B. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of pedagogy, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

Yrymbayeva N.A.\* – PhD student of the educational program 8D01103 – Pedagogy and psychology of the department of pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

Ushakbayeva K.R. – PhD student of the educational program 8D01824 – Social pedagogy and self-knowledge, of the department of pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

Abdirkenova A.K. – PhD, acting Associate Professor of the Department of pedagogy and psychology, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan.

The proposed paper examines the role of innovative approach and the importance of innovative education in the development of students' information competence in the process of media education. The research work included comparative analysis of data, systematization depending on the field of study and conclusions on the part of the authors. The article reveals the role of media education in the professional and personal development of future specialists. Nowadays need for the development of information competence in the process of media education was characterized by the importance of the ability to critically analyze and perceive seen, heard, read information, its use in professional activities. The authors consider how modern technologies and teaching methods can effectively interact with media education, contributing to the development of students' information competence. The innovative technologies applied in modern education are aimed at critical and creative thinking of future specialists, the possibility of working on group and individual projects, easy and attractive perception of the academic discipline, increasing motivation. The article systematized and analyzed the principles, law, opportunities, features and definitions according to the

*studies of domestic and foreign scientists who studied the theoretical and methodological foundations and development of pedagogical innovations. The definitions of key words and phrases found in the text of the article were also considered. In the process of media education, a number of recommendations were given on the topic and opportunities, the role of innovative approach in the development of information competencies of future specialists.*

**Key words:** media education, mass media, media education process, approach, innovation, innovative approach, information competence.

**Кіріспе.** Бұғынгі қоғамдағы телекоммуникациялық технологиялардың дамыған түсінде, адамдар масс-медиа арқылы қажетті ақпаратты қалағанынша ала алады. Ал сол алынатын ақпаратты қабылдауда болашақ мамандардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту қажеттілігі туындағы. Себебі қазіргі ақпарат ғасырында масс-медиа өнімдерінен сан қырлы ақпарат тауып, оның тиімділігін, қауіпсіздігін білмеген жағдайда, кері әсерін тигізу мүмкін. Қазіргі уақытта тұлғалардың медиабілімді болуының маңыздылығы күн сайын артып келуде.

**Зерттеудің мақсаты.** Медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудағы инновациялық тұғырдың рөлін айқындау.

**Зерттеудің міндеттері.** Қазіргі күнгі медиабілім үдерісінің болашақ мамандардың кәсіби және жеке өміріндегі маңыздылығын көрсету. Педагогикалық инновациялардың дамуы мен теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерделеу. Зерттеу тақырыбы аясында медиабілім үдерісі арқылы студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытуда инновациялық тұғыр мүмкіндітерін сипаттау.

Зерттеуші C.K. Cheung өз еңбегінде XXI ғасырдың басында медиабілім беру студенттерді БАҚ-мәліметтерін қабылдауда сынни ойлайтын, БАҚ-на жанрлық және мәтіндік таңдау жасай алатын, сынни дағдыларын өзіндік тәжірибеде қолдана алуымен байланыстырады. Осылайша, медиабілім берудің мақсаты білім алушыларды сынни, өзін-өзі рефлексивті және өнімді етуінде. Сондай-ақ, технологиялардың қарқынды даму дәүірінде білім алушылардың цифрлық технологияларды қолдану қабілетті ғана емес, жаңартылған медиа формаларын функционалды түрде қолдануы, медиа-мазмұнды шығармашылықпен құрудың сынни көзқарасты дамытудағы қабілеттілік мәселесі айтылған. Егер медиабілім беру дұрыс жүргізілсе, студенттердің тез өзгеретін әлемде зерек және қызығушылық танытқыш азаматтарға, сынни тұтынушыларға және этикалық медиа өндірушілеріне айналдыра алады [1, 18 б.].

Медиабілім беру студенттерді масс-медиа ақпараттарының ортасына түскен кездे жағдайды түсінудегі мүмкіндік пен бағдарлана білу дағдыларымен сипатталады. Яғни барлық ақпарат көздерінің белсенді оқырман, тындауши немесе көрермені бола отырып, масс-медиадағы ақпараттарды мүмкіндігінше максималды түрде түпнұсқасын алуға қабілеттілігін дамытуды білдіреді. Себебі қазірге XXI ғасырдағы масс-медиа барлық өлеуметтік және мәдени ортаны қоршай отырып, дыбыстық, визуалды және жазбаша хабарламалар негізінде білімге, сезімдер мен эмоциаларға, көзқарастарға, мінез-құлышқа әсер етуде.

Медиабілім беру педагогика мен оқыту әдістемесінің инновациялық құрамдас бөлігі және ақпараттық қоғам мен жаһандық медиа ортаны дамытудың заманауи үдерістердің көрінісі болып табылады [2, 148 б.].

Демек, медиабілім беру болашақ мамандардың тұлғалық дамытуға бағытталған, білім жинақтауға көмектесетін және сол арқылы оларды қоғамның белсенді және елінің жауапты азаматы болуға жетелейтін құралдар жиынтығына айналады.

Ал, медиабілім негізінде қалыптасатын медиасауаттылық тек дағды емес. Оған сынни түрғыдан ойлау, ақпараттық сауаттылық, технологиялық сауаттылық және басқа дағдылар кіреді. Медиасауаттылыққа қатысты тақырыптарға ресурстарды сыннау, сез бостандығы, желілік этика және ақпараттық қауіпсіздік жатады [3].

Медиабілім үдерісі – бұл болашақ мамандардың жеке, өлеуметтік, кәсіби және білім беру мақсаттарына жету үшін ақпаратты тиімді іздеу, бағалау, пайдалану және құру мүмкіндітерін кеңейту үдерісі. Бұл өз кезегінде медиасауаттылықты, медиамәдениетті және медиақұзыретті болуға, студенттің өзіндік ізденісі негізінде ақпараттық құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту – бұл ақпаратты іздеу, қол жеткізу, қолданумен қатар, барған сайын ауқымы кеңейе түсестін цифрлық және ақпараттық ортадағы рефлексия мен сынни талдауға деген бет бұрыс.

Ақпарат дәүірінде барлық мамандар үшін ақпараттық құзыреттілік түбегейлі маңызды болып табылады. Кәсіби қызметте қажетті білім мен ақпаратқа қолжетімділік қана емес, адекватты қолдануши, әрдайым тиімді әрі тұрақты теориялық және практикалық ізденуші, яғни, ақпараттық құзыреттілікті мәңгерген маман болу керек [4, 39 б.].

Қазіргі үздіксіз өмір бойы оқуды қажет ететін кезеңде тұлғалық, кәсіби даму алдыңғы орынға қойылуы маңызды. Ал ол медиабілім үдерісінде ақпараттық құзыреттілікті дамытумен тікелей байланысты. Ақпарат ағынымен тиімді жұмыс істеуге қабілетті адамдар өздерінің ақпараттық

қажеттіліктерін біледі, сондай-ақ, тәуелсіз шешімдер қабылдалап, ақпараттың сапалысын іріктең, өндеп, өмір бойы оқуда ігілігіне қолданып және медианы пайдалануда қауіпсіздік пен жауапкершілікті ескере алады.

Медиабілім үдерісіндегі ақпараттық құзыреттіліктің жоғары деңгейі бар болашақ маман, өзінің атқаратын іс-әрекетін қызмет ететін үйымның жұмысымен тиімділік үшін синхрондай алады. Демек өзінің және қызмет ететін үйымның жұмысын жақсарту мақсатында, ақпаратты тиімді пайдалана отырып, оқыту және өзін-өзі ынталандыруды жүзеге асырады.

E.V. Vitorino өз зерттеуінде ақпараттық құзыреттіліктің әртүрлі аспектілерін қарастыра келе, келесідей топтастырады:

а) ақпараттық қажеттіліктерді тану қабілеті: адамның белгілі бір мәселені шешуі немесе шешу үшін ақпараттың қажет екенін түсіну қабілеті;

ә) ақпараттың сапасын ангару және бағалау қабілеті: контекстке сүйене отырып адамның қажетті ақпаратты қайdan іздеу керектігін білу қабілеті және алынған ақпараттың дәлдігін, нақтылығы мен сенімділігін бағалау мүмкіндігі;

б) ақпаратты сақтау және ала білу қабілеті: ол әртүрлі контексттермен, яғни өзінің мәдениеті мен мұрасы туралы ақпаратпен, іскерлік құжаттамамен және техникалық ноу-хаумен байланысты болуы мүмкін;

в) ақпаратты тиімді және этикалық тұрғыда пайдалану мүмкіндігі: мәселелерді шешуде ақпаратты оңтайлы пайдалану мүмкіндігін және сыни тұрғыдан ойлау мен басқа адамдардың құқықтарына нұқсан келтірмейтіндей ақпаратты пайдалануды білдіреді;

г) білімді құру және тарату үшін ақпаратты қолдану мүмкіндігі: бұл ақпараттық құзыреттіліктің түпкілікті өнімі, өйткені ол жаңа білім жасауға мүмкіндік береді [5].

Осылайша, студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту – бұл ақпаратты білімге айналдыру арқылы білім қорын кеңейту, жаңа білімді құруға қабілетті болу, білімді орынды және тиімді пайдалану қабілеті.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу әдістері тақырып аясындағы теориялық дереккөздерді талдау, материалдарды жүйелу, салыстыру, жалпылауға бағытталған. Медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытуда инновациялық тұғырдың рөлі туралы зерттеу материалдары ретінде инновациялық тұғырдың мәні мен мазмұны, жіктелуі, ерекшеліктері, заңдар мен принциптері берілген алыс-жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстары, диссертациялық зерттеулері, авторлардың ғылыми мақалалары қолданылды. Теориялық талдау нәтижесінде медиабілім үдерісі, ақпараттық құзыреттілік пен инновациялық тұғырдың сипаты мен олардың өзара байланысы зерделенген.

**Нәтижелер.** Медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың әдіснамалық тұғырлармен қамтамасыз ету, зерттеу мәселесінің мәні мен байланысын, өзара сәйкестігін анықтауға, іс-әрекет жүйесі мен заңдылықтарды айқындауға негізделген.

Әдіснамалық тұғырлар дегеніміз – қайсыбір педагогикалық мәселені зерттеудегі қолданылатын ұстанымдар, әдістер, тәсілдер жиынтығы [6].

Ғылыми әдебиеттерде әдіснамалық тұғыр белгілі бір педагогикалық – психологиялық мәселені зерттеуде қолданылатын негізгі принциптер, әдістер мен тәсілдердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Біз зерттеуіздің нысанына алып отырган мәселені шешу, теориялық ережелерге сүйене отырып, әдіснамалық тұғырларды қарастыруға әкеледі. Сонымен қатар, тұғыр – теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуде, ғылыми әдіснамада кеңінен қолданылатын әдіснамалық категория ретінде, тақырып аясындағы зерттеу жұмысымызға теориялық негіз болып, алға қойған міндеттерді шешуге көмектеседі.

Ғылыми-әдіснамалық тұғырды зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін қарастырмас бұрын, «тұғыр» ұғымына тоқталайық. Отандық және шетелдік сөздіктерде «тұғыр» ұғымы келесідей анықталған:

Қазақша-орысша қоғамдық ғылымдар терминдерінің сөздігінде «подход» – «тұғыр», «көзқарас» деп аударылған. [7, 525 б.]

Ресейлік сөздіктерде «тұғыр» – философиядағы, ғылымдағы, саясаттағы немесе адамдардың өмірі мен қызметін үйімдастырудың өзара бәсекелес (немесе тарихи бір-бірін алмастыратын) стратегиялар мен бағдарламаларды сипаттайтын танымдағы және/немесе практикадағы парадигматикалық, синтагматикалық және прагматикалық құрылымдар мен механизмдер кешені [8]; Әдістер мен тәсілдердің жиынтығы (біреуге әсер етуде, бір нәрсени зерттеуде, істі жүргізуде) [9].

Оксфорд сөздігі «тұғыр» – біреумен немесе бір нәрсемен жұмыс істеу тәсілі; тапсырмаға, мәселеге немесе жағдайға жақындау тәсілі немесе әдісі десе [10], ал Кембридж сөздігінде тұғыр – кеңістікегі, уақыттағы, сападағы немесе сандағы бір нәрсеге немесе біреуге жақындау; мәселені шешу немесе нәтижеге жету әдісі мен тәсілі [11].

Тұтастай алғанда, жоғарыдағы сөздіктердегі «тұғыр» ұғымы мәселені шешу немесе белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс, тәсіл немесе әрекет жоспары ретінде анықталады.

Отандық ғалым Ш.Таубаева өзінің зерттеулерінде әдіснама мәселесіне үлкен мән беріп, фылыми педагогикалық зерттеулердің теориясы мен әдіснамасын қарастырған.

Ғалымның пайымдауынша «тұғыр» ұғымы педагогикада фылымның пайдаланатын нақтылы тәсілі, элементі ретінде қолданылады. Тұғыр – бұл фылыми-педагогикалық қызметтің, қандай да бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті. Егер «әдіс» ұғымы фылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынтығын білдірсе, «әдіснамалық тұғыр» ұғымы аталмыш тұғырдың зерттеушінің фылыми педагогикалық әрекетінің бүкіл кезеңінде пайдаланылатынын білдіреді. Зерттеу тұғырларының жиынтығы, олардың қолдану дәйектілігі мен логикасын, педагогикалық зерттеуді жүргізу технологиясын анықтайды [12, 65 б.].

Фылыми зерттеулерде тұғыр әдіснамалық ұстаным ретінде түрлі бағыттардан көрініс тауып, білім берудің негізінде құрылған үдеріс ретінде қолданылып келеді.

Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін отандық және шетелдік әдебиеттерді талдай отырып, біз медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытуда инновациялық тұғырды басшылыққа алу, мәселені тиімді шешуге мүмкіндік тудырады деген ойдамыз.

Бұгінгі білім берудегі инновациялық тұғыр педагогикалық іс-әрекеттің негізгі компоненттерінің біріне айналып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, педагогикалық оқытудың жаңа технологиялырымен айқындалады. Бұл өз кезегінде медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытуда, яғни өзгермелі қоғамда бәсекеге қабілетті көсіби маман ретінде танылуға мүмкіндік тудырады. Сондай-ақ, оқу орнының түлегі иерген білім, білік, дағдысымен көсіби ортада бағдарланып қана қоймай, кез келген жаңа өзгерістерде тиімді шешім таба алуға бейім болуына дағылана алады.

Аталмыш жұмыста педагогикалық инновациялардың дамуы мен теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеген В.А. Сластенин Н.Р. Юсуфбекова, А.В. Хоторской, Қ.М. Нағымжанова, К.Ж.Ажибеков, Ш.Т.Таубаева, С.Н. Лактионова, А.Қ. Мыңбаева, З.М. Садвакасова, D. Girgin, N. Akcansa, G. Gromovs, M. Lammi, Y. Luo және т.б. ғалымдардың енбектері қарастырылды.

«Инновация» ұғымы жаңалықты, өзгерісті білдіре отырып, құрал және үдеріс ретінде жаңаны енгізуі қамтиды. Педагогикалық үдеріске қатысты инновация оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарына, мазмұнына, әдістері мен формаларына жаңасын енгізуі, оқытушы мен білім алушының бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруды білдіреді [13, 544 б.].

Білім берудегі инновация – бұл тиімділікті арттыратын жаңа әдістерді, құралдарды қолдану, яғни ақпарат беру; қажетті ақпаратты өз бетінше іздеуге, оның тиімділігін тексеруге үйрету; жаңа материалға қызығушылықты арттыру; ақпаратты иеруді бақылау. Инновациялық тұғырды қолдануда студентке белсенді жеке ұстанымға ие бола алатын және өзін оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде толық көрсете алатын психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасау маңызды болып табылады [14].

Н.Р.Юсуфбекованың анықтауы бойынша педагогикалық инноватика – бұл педагогикалық инновацияларды құру, оларды бағалау және педагогикалық қауымдастықтың дамуы, сонында пайдалану және тәжірибеде қолдану туралы ілім [15, 11 б.].

Кез келген фылыми теория принциптер, заңдылықтар мен заңдарға негізделеді. Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерісті тұтас түсінуде жетекші тенденциялар, қайшылықтарды ашуға негізделген принциптер мен заңдар Н.Р. Юсуфбекова бойынша келесі суреттерде көрсетілген [16]:



Сурет-1. Инновациялық үдерістерді басқару принциптері (Н.Р.Юсуфбекова)



Сурет-2. Инновациялық үдерістердің зандары (Н.Р.Юсуфбекова)

Осылайша, автордың еңбегінде басқару принциптері мен зандары инновациялық үдерістерді ұйымдастыру және басқарудың бүкіл жүйесін құруға бағытталып, білім берудегі инновацияның міндеттің анықтауымен сипатталған. Бұл аталған инновациялық үдеріс зандары мен принциптерін тақырып аясындағы біздің зерттеуде басшылықта алушың маңызы зор. Себебі, медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту, инновациялық тұғыр негізінде білім берудің түрлі жаңа формалары мен әдістерін білім мазмұнына ендіру, менгеруді ұйымдастырумен жүзеге асады.

Профессор А.В. Хуторской өз монографиясында «Педагогикалық инноватика – білім берудің субъектілеріне қатысты педагогикалық инновациялардың пайда болуы және дамуының табигатын, зандылықтарын зерттейтін, сонымен қатар, болашақ білім беруді жобалаумен педагогикалық дәстүрлердің байланысын қамтамасыз ететін ғылым. Ал, инновациялық оқыту – бұл жеке адамның да, қоғамның да алдындағы мәселелік жағдайларға жауап ретінде әрекет ететін қолданыстағы мәдениет пен әлеуметтік ортадағы инновациялық өзгерістерді ынталандыратын оқыту. Ол білім беру жүйесіндегі қоғам дамуының жоғары сатысындағы білім берудегі өзгерген мән мен мақсаттардың көшүіне реакциясы ретінде қарастырылуы мүмкін», – деп анықтаған болатын. Сондай-ақ, білім берудегі инновациялық үдерістерді: әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық деп негізге үш аспектіде қарастырды [17].

Автордың еңбектерінде инновациялық үдеріс білім берудегі жаңа элементтерді енгізетін мақсатты өзгерістер ретінде қарастырылып, педагогикалық инноватика негіздері, инновациялық іс-әрекет және инновациялық тәжірибелер әдістемесіне кеңінен тоқталғанын анғардық.

Болашақ мамандардың ақпараттық құзыреттілігін дамытуда педагогикалық инновацияларды игеру, құру, енгізу, қолдану мен тарату арқылы, көсіби жан-жақты қалыптасқан, ізденіске қабілетті тұлға қалыптасатыны анық.

Қ.М. Нағымжанова бойынша бұғынгі күн талабына жауап бере алатын, әр түрлі жаңа технологиялық және ақпараттар ағымы арқылы соңғы нәтижеге үтмейтін инновациялық ортанды ұйымдастыру қажеттілігі келесі әлеуметтік, педагогикалық мүмкіндіктермен сипатталады:

- Студентті инновациялық ортандың жеке және өз өмірінің толық дәрежелі субъектісіне айналдыра отырып, оның рөлін қүштейту;
- Студенттің толассыз ақпарат әлемінде өзін-өзі ұйымдастыратын іс-әрекеттің субъектісінде ретіндегі сапаларын дамыту: нақты нәтижеге бағытталған мақсат қою, өз әрекетін жүйелі жоспарлау және оны жүзеге асыру;
- Оқу іс-әрекеті құралдарын, тәсілдерін, формаларын (жеке, топтық немесе ұжымдық) таңдау мүмкіндігі, өзіндік жұмысы;
- Студент іс-әрекеттіндегі субъектілік тәжірибе белсенділігінің басым мәнге ие болуы;
- Қазіргі ақпараттық технологияларды өз қажетіне қарай құнделікті тұрмыста еркін қолдана алуы.

Инновациялық іс-әрекетпен айналысатын студент, толық әлеуметтік бетбұрыс алғанына орай, оның қоғамдағы орны өзгеріп, көсіби еркіндікке, өзін-өзі толық басқару мүмкіндігіне қолы жетеді. Инновация бұл дайын жаңалықты ендіру немесе тексеруден өткізу емес, бұл жаңалықты өзінің инновациялық ортасынан іздең табу, оның негіздемесін жасау, сынақтан өткізу, тарату секілді

үдерістерді қамтиды. Инновация түсінігі жаңашылдықпен байланысты іс-әрекет бейнесіндегі, ойлау стиліндегі өзгерістермен де байланысты [18].

К.Ж. Ажібеков ғылыми жұмысында инновациялық білім – жаңа білім мен инновациялық динамикаға негізделгенін, сондай-ақ инновациялық білім беру педагогтар мен білім алушылардың танымдық және зерттеу міндеттерін қоюға, қажетті ақпаратты өз бетінше саналы түрде іздеуге үйретуді көздейтінін атап өткен. Ал инновациялық білім берудің мақсаттары: студенттің интеллектуалдық-тұлғалық және рухани дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету; ғылыми ойлау стилінің дағдыларын игеру үшін жағдай жасау; өлеуметтік-экономикалық және көсіби салалардағы инновациялардың өдіснамасын оқыту, – деп көрсеткен [19].

Осылайша, Қ.М.Нағымжанова өзінің ғылыми еңбегінде студенттердің педагогикалық креативтігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастыру мәселесіне, өлеуетін анықтауға, педагогикалық жүйесін құруға мән берген. Ал, К.Ж.Ажібековтің ғылыми жұмысында болашақ мұғалімдерді ЖОО-дағы инновациялық қызметке даярлаудағы бағалау критерийлері, мәні мен құрылымы, теориялық-өдіснамалық негіздерін қарастырағанын көруге болады.

Инновациялық үдеріс білім беру мазмұнын қалыптастыру мен дамыту, жаңасын ұйымдастыру жөніндегі кешенді қызмет болып табылады [20].

Профессор Ш.Т.Таубаева «Білім беру - жүйесінде инновация білім беру мақсатына жаңалықтар енгізу, жаңа мазмұнды жаңа тәсілдер мен тәжірибелер және білім беру нысандарын қайта жасауды, жаңа педагогикалық жүйені енгізу және таратуды, мектепті басқарудың жаңа технологияларын жасау және дамытуды және мектеп жаңа білім беру бағытын ұстанғанда, оның мақсаты, мазмұны, әдісі жаңа талаптарға сай болуын жобалайды», – деп анықтады. Сондай-ақ, автор өз еңбегінде қолдану ерекшелігі мен орнына байланысты инновацияларды: технологиялық, әдістемелік, ұйымдастырушылық, басқарушылық, экономикалық, құқықтық, өлеуметтік жаңалықтар енгізу деп жіктеп, бұл ұсыныстар инновациялардың әр түрлі топтарының тиімділігі қоғам сұраныстарын қанағаттандырумен және өскелен үрпақты тәрбиелеу саласында міндеттерді шешуімен анықталатынын сипаттайтыды [21, б.203].

